


18-тарау.

Сақтандырудың экономикалық және әлеуметтік негіздері



Сақтандырудың мәні,
тағайындалуы
және функциялары

Сақтандыру – қоғамдық қатынастардың ежелгі категорияларының бірі. Қатынастың бұл түрі қоғамдағы мәншік қатынасының пайда болуымен және күл иеленушілік құрылыштың құрылу кезеңінде меншік обьектілерін жоғалту қорқыныш сезімімен қатарласа пайда болды. Иелер мүліктедін, дүлей апартар, өрттер, тонау және басқалай экономикалық өмірдің кездейсок қауіптері салдарынан жойылуы жөнінде қорқынышта болды.

Кептеген адамдар үнемі жоғарғы тәуекел зонасында болады. Олардың қатарына өрт сөндірушілер, құтқарушылар, құзет қызметтерінің жұмысшылары, инкассаторлар мен басқа кәсіп екілдері жатады. Жұмысқатұскен кезде ұйым жұмысқа қабылданған тұлғалардың өмірі мен деңсаулығын, өлім немесе тұрақты еңбекке қабілетсіздік жағдайынан сақтандыру бойынша міндеттемелері өзіне алады. Бірқатар азаматтар карттық кезінде күнкөрістің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету үшін мамандандырылған ұйымдар қызметіне жүгінеді, оларға сақтандыру жарналарын төлейді, сонынан оқиға түсken кезде сақтандыру төлемдерін алу мүмкіншілігін алады.

Кәсіпорын экономикалық субъект ретінде жер участкерлеріне, цех корпустарына, құрал-жабдықтарға, шикізат, аяқталмаган өндіріс, дайын өнім нысанындағы өндірістік запастарға ие және мүліктің кез келген элементін жоғалту мүмкіндігі - бұл маңызды қауіп-қатер және мүлік иелерінің өздерінің материалдық әлауқатына қобалжуға негіз болады.

Сондыктан қоғамда пайда болған мамандандырылған ұйым шеңберінде мүмкін материалдық шығындардың орнын толтыру идеясы ұтымды болды, өйткені бұл мәселені әрбір меншік иесінің жеке түрде үлкен көлемдегі сақтандыру резервтерін құру нысандында шешуі барлық кезде мүмкін емес. Сонымен қатар, нақты өмір тәжірибесі кездейсок оқиғаның түсінің кездейсок сипаты мен келтірілетін шығынның біркелкі емес мөлшерін көрсетті.

Мүлікті немесе қайсібір нәрсені (мысалы, дауыс, есту, көру, өмір) жоғалту мүмкіндігі елдің бірде бір тұлғасына есетен шығарылмайды, яғни бұл идея барлық тұлғаларды сақтандыру ұсынысына ауысты: занды және жеке тұлғалар, яғни шығындарды өтеу қоғамның барлық мүшелері арасында үlestіріледі. Сонымен қатар шығындарды үlestіруге қатысатын тұлғалар саны көп болған сайын, бір қатысуышыға түсегін үлес соғұрлым аз болады.

Өзара сақтандырудың алғашқы түрі натурады нысанда жүзеге асырылады, онда белгілі қауымдастықтың тұлғалары жеңіл бөлінетін өнімді салды, ал сонынан зардал шеккен шаруашылықтарға астықпен, жем шөппен, малмен көмек көрсетіледі. Тауар-ақша қатынасының дамуымен сақтандырудың натурады нысаны ақшалай нысанға ауыстырылды. Сақтандыру жарналарын ақшалай нысанда беруге мүмкіндік береді, ол зардал шеккендеге жоғалған мүліктің, белгілі түрін қалпына келтіру мүмкіншілігін жеңілдетті.

Осындай өзара сақтандыру капитализм жағдайының қаржы сферасында жеке саланы құруға әкеледі, жеке қатысуышылар мен үйымның жалпы сақтандыру қорының бір реттік сақтандыру жарнасын есептеген әдістемесі пайда болды. Сақтандыру тарихында үш кезеңді ерекшелейді:

- өзін-өзі сақтандыру, онда субъект қорды айналымына алады және оны сақтандыру оқиғасына сактайды;
- өзара сақтандыру, сақтандырудың нақты белгілеріне ие, өйткені сақтандыру алушылар бірін-бірі сақтандыруши болып табылады;
- жекелеген сақтандырушилар мен келісім шарт бойынша коммерциялық сақтандыру, онда сақтандырушиға барлық сақтандырушилар арасындағы мүмкін шығындарды бөлу

үлесі мен акционерлермен енгізілген капиталға пайданы камтитын сыйақы төленеді.

Сақтандыру қызметі қоғамның белгілі әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерімен шарттастырылған. Қоғамдық қатынастар элементтерінің бірі бола отырып сақтандыру табиғаттың апат күштері немесе басқалай төтенше оқиғалардың теріс салдарларын болдырмаудың алдын алу шараларын жүргізу үшін қажетті жағдайларды жасайды. Көрсетілген оқиғалардан шығындар пайда болған жағдайда сақтандыру өндірістік немесе әлеуметтік сфералар зиянын өтей отырып, бұзылған немесе жойылған өндірістік күштерді қалпына келтіруге ықпал ете отырып, материалдық шығындардың орнын толтыруға арналады.

Физикалық тұрғыдан күйрекен шаруашылықты экономикалық күйрейтін, күрделі құндылықты, оның физикалық қасиетінің күйрекіштігіне қарамастан, күйремейтіндей ету сақтандырудың тапсырмасы болып табылады.

Сақтандыру мемлекеттің қаржы жүйесінің жеке институты, экономикалық және құқықтық категория болып табылады.

Экономикалық категория ретінде сақтандыру қоғамның кездейсок қажеттіліктерін жабу үшін керекті орталықтандырылған және оргалықсыздандырылған ақшалай және материалдық қорларын құру жөніндегі экономикалық қатынастар жүйесін көрсетеді.

Азаматтардың, ұйымдар мен мемлекеттің мүліктік мүдделерін қорғау жүйесі ретінде сақтандыру қоғамның әлеуметтік-экономикалық жүйесінің керекті элементі, ұзақ мерзімді инвестициялардың ең тұрақты көзі болып табылады.

Сақтандыру жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғау және қолайсыз оқиғалар түсken кезде олардың шығындарының орнын толтыру үшін ақшалай қаражаттардың нысаналы қорларын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі қайта бөлу қатынастарының ерекше сферасын көрсетеді.

Сақтандырудың экономикалық мәні мүмкін зиянды мүдделі тұлғалар арасында үlestірілуінде.

Қоғамдық ұдайы өндіріс жүйесіндегі сақтандырудың маңызды рөлі мемлекеттің экономикалық даму типіне сәйкес келетін сақтандырудың қызмет сферасының болуын қарастырады.

Сақтандыруға екі нысанда болатын қайта бөлу тән:

- сақтандыру қорын сақтандыру төлемдері есебінен қалыптастыру;
- қордан сақтандыруға қатысушыларға шығынды толтыру нысанында ақшалай сомаларды төлеу.

Бірінші және екінші типтегі де ақша ағыны қайта бөлуші болып табылады, құнның бір жақты қозгалысын сипаттайты, ол сақтандырудың экономикалық категориясын қаржылық қатынастар типіне жатқызуға мүмкіндік береді.

Сақтандырудың қаржылық қатынастар ерекшелігі сақтандыру жағдайының мүмкін сипатының болуында. Аталған ерекшелік қаржы қатынасының осы сферасын жеке, сақтандыру туралы арнайы ғылыммен зерттелетін сфераға бөлуге мүмкіндік береді. Бұл ғылымның өз пәні, өз әдістері бар, сақтандырудың экономикалық мәнін, функцияларын, рөлін, сфераларын, өз анықтамаларын, жіктемесін, сақтандыру компанияларын құруы принциптерін, сақтандыру тарифтері мен шығындарды толтыруды есептеу әдістерін, сақтандыру операцияларын жоспарлауды, есепке алу мен толтыруды, сонымен карат қайта сақтандыруды қарастырады.

Сақтандыру – бұл жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін сақтандыру жағдайы түсken кезде төленетін сақтандыру жарналарынан қалыптасадын ақшалай қорлар есебінен қорғау бойынша экономикалық қатынастар жүйесі.

Сақтандыру объектісі болып сақтандыру мүддесі, сақтандыру келісім шартының пәні болып сақтандыру оқиғасы түсken кезде ақшаның белгілі сомасын төлеу жөніндегі сақтандырушының міндеттемесі табылады, яғни сактықты қорғау болып табылатын ақша міндеттемесі. Келісім шарт бойынша борышкер – сақтандырушы, кредитор – сақтандырушы болып табылады. Сақтандырушы өзінің мүлкін сақтандыра алмайды, өйткені кредитор мен борышкер сәйкес келеді және міндеттеме тоқтатылады.

Орталықтандырылған және оргалықсыздандырылған резервтік қорлардың шектеулі мөлшерінде шаруашылық субъектілерінің мүліктік оқшаулануы, сақтандыруды шығындардың орнын толтырудың жалғыз мүмкін және тиімді тәсілі ретінде шарттастырады. Сақтандыру көмегімен мемлекет аралық қатынастардың объектілерін де қорғауға болады.

Мүмкін шығындардың орнын толтыру құралы ретінде сақтандырудың экономикалық мәні оның ерекше болатын функцияларынан көрінеді. Бұл тәуекел, ескерту, қалпына келтіру, жинақтау және бақылау функциялары:

- экономикалық субъектілер мүмкін шығын тәуекелін, яғни оның ықтималдылығын сақтандырады. Сондықтан тәуекел функциясы басты болып табылады, ол сақтандырудың негізгі тағайындалуына сәйкес келеді, кездейсок оқиғалардың түсінің қолайсыз салдарларын жою құралы болып табылады. Бұл функцияны іске асыру процесінде сақтандыру резервтері сақтандыруға катысушылар арасында, жәбіrlenешілерге ақшалай көмек көрсетумен байланысты қайта бөлінеді. Бұл шығындардың орнын толтыру және азаматтарды жеке материалдық қаматамасыз ету функциясы. Сақтандыру қорына катысушы тұлғалар гана шығынның орнын толтыру құқығына ие. Жеке және заңды тұлғалардың қолында бар мүліктік сақтандыру келісім шарты шеңберінде, көрсетілген функция арқылы, шығындардың орнын толтыру жүзеге асырылады.
- тәуекелге төлем ретінде ақшалай қаражаттардың мамандырылған сақтандыру қорларын қалыптастыру, оны сақтандыру компаниялары ез мойнына алады. Бұл қор міндепті де, ерікті де түрде қалыптасуы мүмкін. Мемлекет экономикалық және әлеуметтік жағдайға қарай елдегі сақтандыру ісінің дамуын реттейді.
- ескерту функциясы сақтандыру тәуекелін азайтуға бағытталған, ауыл шаруашылығы жануарларының ауыруын, өртті, дүлей апатты сақтандыру резервтерінің бөлігі есебінен ескерту бойынша алдын-алу шараларын жоспарлау мен қаржыландырудан көрінеді. Сақтық оқиғасының түсін ескерту мен шығындарды ең тәменгі деңгейге жеткізу шаралардың кең шеңберін қарастырады, Оның ішінде жазатайым оқиғаның, дүлей апаттың негативті салдарын boldырмау немесе азайту бойынша шараларды қаржыландыру т.б. Сақтық корғау үйымдастырылатын жаппай құбылыстармен кездесе отырып, сақтандыру акпаратты

өзін қызметінің стратегиясын әзірлеу мақсатында жинаиды, топтастырады, жалпылайды, талдайды. Сақтандыру қызметін басқарудың барлық ақпараттық процедуралары автоматтандырылған ақпараттық технологиялар мен сақтандыруды қарастырудың жүйелі тәсілімен негізделеді.

- сақтандырудың қалпына келтіру немесе орнына келтіру функциясының мәні келесідей, сақтандыру оқиғасы мен келісім шартпен шарттастырылған ақша сомасын төлеу жағдайы түсken кезде сақтандырылуышыға келтірілген шығынды толық немесе бөлешекті түрде төлеу жүзеге асырылады.
- өмірді ұзак мерзімді сақтандыруда жинақтаушы және жинақ ақша функциясы іске асырылады.
- нақты сақтандыру қатынасында сақтандырудың бақылау функциясы басқа функциялармен бірге іске асырылады және сақтандыру резервтерін қалыптастыру мен пайдалануға, сақтандыру операцияларын жүргізуге, сақтандырушының сақтандыру шартын сақтауына қаржылық бақылау жасау қарастырылады.

Сақтандырудың экономикалық мәніне, сақтандырудың қаржы жүйесі буыны ретінде мазмұны мен артықшылығын ерекшелеуге мүмкіндік беретін қаржылық, экономикалық және несие саясаттары сәйкес келеді. Сақтандырудың экономикалық мәні тұрақты, ал экономикалық мазмұны өзгермелі және қоғамның қоғамдық экономикалық нысаны мен мемлекеттің типімен анықталады.

Сақтандырудың қаржы категориясы өзінің мәнін қаржы тәуекелдерін сақтандыру арқылы көрінеді, олар: кәсіпкерлік, коммерциялық, биржалық, валюталық, банктік, несиелік тәуекелдер. Ол зиянды, сақтандырушылар арасында үlestірумен сипатталады.

Сақтандырудың экономикалық категориясы – бұл сақтандырушы мен сақтандырушы арасындағы сақтандырушының сақтандырушыға төлейтін сақтандыру сыйақыларынан құралатын қорларынан, сақтандыру оқиғасы түсken кезде тұлғалар мүдделерін қорғау бойынша экономикалық қатынастар жүйесі.

Несие категориясы жинақ ақша, жинақтаушы, тұтынушылық және инвестициялық функциялардан көрінеді.

1991 жылға дейін Қазақстанда халықтың маңызды болігі мемлекеттік жинақтаушы сақтандырумен қамтылады. Бірақ рублдің теңгеге ірілендірілуі мен инфляция сақтандырушылардың жарналары мен жинақтандырылған сақтандыру қорларын құнсыздандырыды.

Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдары бұл сақтандыру жандандырылады. Бір жағынан жинақтар инфляция коэффициенті бойынша индекстеледі, ал екінші жағынан сақтандырушылар сақтандырушының сақтандыру капиталын бағалы қағаздарға салудан түскен инвестициялық кірістің бөлігін алады.

Тәуекелдерді қайта сақтандыру бар, онда бір сақтандыру компаниясы сақтандырушылардың жарнасының бір бөлігі мен тәуекелдерінің бір бөлігін келесісіне береді.

Сақтандыру түрлерінің экономикалық мәні әртүрлі.

ҚР сақтандыру қатынастарының заңды базасы болып ҚР «Сақтандыру қызметі туралы» Заңы, ҚР «Азаматтық-құқықтық, жауапкершілікті міндетті сақтандыру туралы» заңы және заңға бағынышты актілер табылады.

Сақтандырудың көп ғасыр бойғы тәжірибесі, оның экономикаға ықпал етудің күшті факторы екендігін дәлелдейді, ол инвестициялық потенциалды қотереді және үлттың жағдайы мен байлығын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қалыпты және үздіксіз өндірістік процессті қалыптастыру экономикалық дамудың тұрақтылығын ұстау, колдау, халықтың өмір сүру деңгейін қотеру елде сақтандыру арқылы қорғаудың сенімді жүйесін қалыптастыруды талап етеді. Сақтандыру ақшалай қаржагаттардың нысаналы қорларын қалыптастыру нысандары мен әдістерінің жиынтығын және оларды кездейсоқ тәуекелде шығындардың орын толтыру, сонымен қатар азаматтарға олардың өмірлерінде қолайсыз оқиғалар орын алғанда көмек көрсетуді қамтиды.

Нарықтық экономикада коғамдық өндірісте сақтандырудың рөлі маңызды өсті, бір жағынан кәсіпті қорғау мен адамдардың әл-ауқатын қорғау құралы болатын, ал екінші жағынан кіріс әкелетін

қызмет түрі болатын сақтандыру қызметтерінің сферасы кеңеюде. Сақтандыру бизнестің акпараттепен ең көп толықтырылған және акпаратқа тәуелді түрлерінің бірі болып табылады. Әлемдік стандарт деңгейіне жакындаудың қажеттілігі кәсіпорындардың қаржылық жағдайын объективті бағалауға стратегияларды үйлестіру тараптарды туындалады, ол қаржы тәуекелін төмендету мен елдің экономикалық субъектілердің бәсекелестік артықшылықтарын алуға бағытталған.

Сақтандыруға тән белгілер келесілер:

1. Қатынастардың тұрақты емес уақытша сипаты, өйткені сақтандыру оқиғасының тұсу уақытында, келтірілген зиян мөлшерінде қарастыруға болады.

2. Қаражаттардың қайтaryмдылығы сақтандыру төлемдері сақтандыру қорына біріктірілгеннен кейін компания қызметіне шығыстарды алғып тастап сақтандырушыға төлеуге жатады.

3. Қайта бөлу қатынастарының түйік сипаты. Тәуекел барлық сақтандырушыларға үлестіріледі, өйткені сақтандыру қорын құруға қатысушылар көп, ал қордан тек сақтандыру оқиғасы түскендерға нала алады.

4. Сақтандыру қорын нысаналы пайдалану.

Сақтандырудың рөлі мен маңызы көп қырлы. Сақтандыру шаруашылық субъектілерінің тұрақты қызметі мен кәсіпкер азаматтардың қалыпты жұмысын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Ол төтенше оқиғалар мен басқалай сақтандыру оқиғаларының тұсуімен байланысты, азаматтардың жеке кірістері мен жанұя бюджетінде жоғалтуларды тенестіруге мүмкіндік береді. Сақтандыру қорлары мемлекеттік қыска мерзімді міндеттемелері болып табылатын обигацияларын сатып ала отырып мемлекеттік қарызыды уақытылы өтеуге көмектеседі.

Өндірістік сфераның апартар мен технологиялық катастрофалар жеріне байланыстылықтың жоғарғы дәрежесі қалыптасқан Қазақстан үшін, өз болашағына сенімсіздік республика халқының көбісіне тән, мұнда сақтандырудың потенциалды рөлі ерекше үлкен.

Меншік иелеріне муліктің жойылуында шығынның орнын толтыруға кепілдік бере, өмірдің барлық жағдайына адамды қорғауды құра отырып, сақтандыру қоғамдағы экономиканың

тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сақтандыру компанияларының резервтері республиканың экономикалық дамуын қаржыландыру үшін ірі көлемдегі инвестициялардың сенімді көзі ретінде қызмет етеді.

ҚР сақтандыру жүйесі маңызды өзгерістерге ұшырады: сақтандыру операцияларының мемлекеттік монополиясынан сақтандыру рыногына өту жүзеге асырылады. Өз жұмысын барлық шаруашылық субъектілерінің нақты сақтандыру мүдделерін есепке ала отырып құруға ұмтылатын жаңа сақтандыру компанияларын қалыптастыру процесі жүрді. Сақтандыру жеке және заңды тұлғалардың табиғи қажеттілігі емес. Бұл қажеттіліктің туындауы үшін шарттар кешені қажет, субъектінің экономикалық дербестігінің жоғарғы деңгейі осылардың бірі болып табылады.

Нарыктық қатынастар жүйесі жағдайында сақтандыру өмір сүр мен кәсіпкерліктең жаңа жағдайының, коммерциялық мүддені, жеке азаматтардың және тұтас ұжымның өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатын үшінші тұлғалардың заңсыз әрекетінен, шаруашылық-кәсіпкерлік қызмет барысында келтірілуі мүмкін, материалдық шығындарының орнын толтыру туралы талаптардан қорғау қажеттілігін сипаттайтын және сақтандыру мүдделерінің қажеттіліктерінің пайда болу есебінен кеңейтіледі.

18.2.

Сақтандыру тұрлерін жіктеу мен принциптері

Сақтандыру мемлекеттік және жеке меншікке негізделген сақтандыру ұйымдарымен жүзеге асырылады. Олардың қызметі мамандырылған ішкі және сыртқы сақтандыру рыногында жүргізіледі. Ол дифференциаланған және сақтандыру тұрлерін жіктеуді жүргізуге мүмкіндік беретін бірнеше компоненттерді қамтиды.

Жіктеу қаржы қатынасының бірінғай жүйесінде иерархиялық тұрғыдан бір-біріне бағынатын жекелеген өзара байланысты буындардың болуын карастырады.

Сақтандыру нарығында жіктелген топтарды құрударғы алғы белгілер, критериялар болып келесілер табылады:

Салалық белгілер:

- өмірді сақтандыру рыногы (зейнетакы, денсаулық, некеге тұру аннуитті және т.б.);
- мұлікті сақтандыру рыногы;
- жауапкершілікті сақтандыру рыногы;
- бақытсыз жағдайлардан сақтандыру рыногы.

Көлемділік:

- аймактық (жергілікті);
- ұлттық;
- халықаралық.

Сақтандыру компаниясының ұйымдастыру-құқықтық нысаны:

- мемлекеттік сақтандыру;
- жеке сақтандыру;
- қайта сақтандыру.

4. Жүзеге асыру нысаны:

- міндетті;
- ерікті.

5. Сақтандыру объектілері:

- жеке
- мұліктік;

6. Қауіп түрі:

- ұрлық;
- жарылыс;
- жер сілкінісі;
- су басу;
- цунами;
- өртену;
- жануарлар мен құстардың эпидемиясының таралуы;
- көлікте жол апаты және т.б.

Сақтандыру түрі деп нақты бір типті объектілерді сәйкес тарифтік стаффаларға сәйкес сақтандыру жауапкершілінің белгілі көлеміндегі сақтандыру аталады.

Мемлекеттік сақтандыру сақтандырушы ретінде мемлекеттік ұйымдармен жүзеге асырылады және мемлекеттік сақтандыру қорлары құрылады. Олар көбінесе міндетті болады.

Мысалы, бюджеттік қаражаттар есебінен әскери қызметкерлер, полиция қызметкерлері, салық инспекция қызметкерлері, құқық қорғау органдары, төтенше жағдайлар бойынша ведомствалардың қызметкерлері, космонавтар, депутаттар, атом өнеркәсібінің жұмышшылары, авиажелінің ұшықыштар құрамы мен авиа және темір жол көліктерінің жолаушылары сақтандырылады.

Жеке сақтандыру КР заңымен рықсат етілген акционерлік қоғамдар нысанындағы сақтандырушылармен көрсетілген.

Өзара сақтандыру – бірнеше заңды тұлғалар сақтандыру қорын құрайтын сақтандырудың ерекше нысаны, ал көмек қажет еткен мүшелерге керектігі деңгейде көрсетіледі.

Қайта сақтандыру – клиенттің тәуекелінің бірқатары шетелде болуы мүмкін және сақтандырудың халықаралық нарығында жоғары ретингке ие сақтандыру фирмаларының тобы қабылдайтын сақтандыру түрі.

Әлеуметтік сақтандыру – халықты қорғау бойынша мемлекеттік саясаттың бөлінбейтін бөлігі және міндettі болып табылады. Оның құқықтық базасын қаржылық, еңбек, азаматтық құқық, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы нормалары құрайды. Әлеуметтік сақтандырудың құқықтық негізін КР «Міндettі әлеуметтік сақтандыру туралы» заңы құрайды. Міндettі әлеуметтік сақтандыру мемлекеттің жұмыс істейтін азаматтардың еңбек жаракатын немесе кәсіби ауыру, мүгедектік, ауру, жаракат, жүктілік пен бала туу асыраушысынан айырылу, карттықтың түсі, медициналық көмекті, сантормалық-курорттық емді алу қажеттілігі салдарынан материалдық немесе әлеуметтік жағдайын өтеуге немесе ең төменгі деңгейге жеткізуге бағытталған құқықтық, экономикалық, үйимдастырушылық шаралар жиынтығын көрсетеді.

Кез келген елде қоғамның жұмыс істеуге қабілетсіз, еңбек ақысы, кірісі жоқ, өзінің өмір сүруін қамтамасыз ете амайтын адамдардан тұратын жігі бар. Осыған байланысы қоғам өндірілген қоғамдық өнімнің белігін еңбекке жарамсыз немесе еңбекке қабілетті, бірақ әртүрлі себептерге байланысты жұмысқа орналаса алмай жүрген мүшелерді ұсташа үшін бағыттауды қарастырады. Қоғамдық өнімнің бұл белігі әлеуметтік сақтандырудың арнайы нысаналы қорларын құру мен бөлуге пайдаланылады.

Әлеуметтік сақтандыру – бұл қаржы қатынасының денсаулық жағдайына немесе басқа себептерге байланысты кірісі жоқ, еңбекке қабілетсіз азаматтарды материалдық қамтамасыздандыру үшін ақшалай қаражаттарды қалыптастыру және жұмсау жүйесі.

Қатынастардың бұл жүйесі капитализм кезінде пайды болды және мемлекетпен реттеледі. Ол қоғам мүшелерінің объективті қажеттіліктерін сипаттайды, оны мәні өсуде, өйткені мемлекеттің әлеуметтік қызмет облысы кеңеюде. Осы қызметтің осы көлеміне келесі факторлар әсер етеді:

- халықтың өсуі;
- халықтың жас құрылымы;
- халықтың өмір сүру деңгейінің ұлғаюы;
- қолайсыз экология;
- жекелеген азаматтардың салауатты өмір сурмеуі;
- қызмет құнының өсуі;
- ел экономикасының жағдайы;
- басқалай факторлар.

Әлеуметтік сақтандыруды Конституцияға сәйкес қартауда, ауыруы, мүгедектігі бойынша, асыраушысын жоғалту немесе жұмыссыздық бойынша материалдық қамтамасыздандыруға, азаматтар құқығын іске асыру әдісі ретінде қарастыруға болады.

Алынатын қаражаттар көлемі заңмен анықталады және еңбек өтіліне, бұрын алған жалақы деңгейіне, еңбек қабілетін жоғалту немесе мүгедектік дәрежесіне тәуелді болады.

Әлеуметтік қамтамасыздандыру принциптері:

- сақтандыру қамтамасыздық және сақтандыру жарналарының эквиваленттілігімен қол жеткізілетін міндettі әлеуметтік сақтандырудың қаржылық жүйесінің тұрақтылығы;
- азаматтардың ксіпорындар мемлекет есебінен әлеуметтік сақтандырудың жалпылығы;
- әлеуметтік сақтандыру қорларын пайдалану процесінде азаматтардың кәсіпорындар мен мемлекет мүдделерімен оңтайлы үйлесімділігі;
- әлеуметтік сақтандыруды жұмышшылар үйимдары арқылы басқару, өйткені әлеуметтік қорларын қалыптастыру

- мен пайдалануда кәсіподақтар мен басқалай қоғамдың ұйымдардың рөлі үлкен, яғни қадағалау мен қоғамдық бақылауды қаматамсыз етуде;
- сақтандырылған түрліліктердің мемлекеттік сақтандыру шының тәуекелдерінен қорғау құқығын сақтау мен міндеттемені сақтандыру шының қаржылық жағдайына тәуелсіз орындаудына мемлекеттік кепілдеме;
 - міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін мемлекеттік реттеу;
 - сақтандыру шының әлеуметтік сақтандырудың нақты түрлерінің сақтандыру жарналарын төлеу міндеттілігі;
 - міндетті әлеуметтік сақтандырудың қаржы жүйесінің автономдылығы.

Әлеуметтік сақтандырудың тапсырмасы елдегі еңбек ресурстарының үдайы өндірісіне жағдай жасау, өйткені азаматтардың осы категориясын материалдық қамтамасыздандыру, олардың еңбек етуге қабілеттілігін қалпына келтіруге, экономиканың әртүрлі салаларында олардың белсенді қызметін дамытуға, мүгедектерді сауықтандыруға және оларды мемлекеттен қаржыландырылатын әлеуметтік бағдарламаларға ауырталықты төмөнде отырып, жұмыспен қамтуға көмектеседі.

Мемлекет сонымен қатар, зейнетакымен қамтамасыздандыруды әлеуметтік сақтандыру бағыты ретінде құруга үмтүлады.

Сонымен қатар, әлеуметтік сақтандыру қаражаттары есебінен уақытша жұмыссыздар ұсталады, олардың қызметі әлеуметтік қамтамасыздандыру қоры есебінен қаржыландырылатын оку орталықтарында қайта оқыту мен қайта біліктілік беру жүргізіледі. Өлемдік қаржылық дағдарыс кезінде құрылымдық жұмыссыздықтың өсуі жұмысшыларға көмек көрсетудің әлеуметтік бағдарламаларын көнекейту қажеттілігін туындағады. Бұл елдің еңбек ресурстарының үдай өндірісі процесін қолдау және елдегі саяси тұрақтылықты қорғау, әлеуметтік қысымды төмөндету, әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету бойынша әлеуметтік сақтандырудың маңызы бағыты болады.


Осылайша әлеуметтік сақтандыру келесі тапсырмаларды шешеді:

- қоғамның еңбек етуге қабілетсіз азаматтарын ұсташа бойынша шығындарды жабу үшін пайдаланылатын ақшалай корларды қалыптастыру;
- еңбек ресурстарының көректі саны мен көректі кәсіби құрылымын қалыптастыру, оларды салалар бойынша экономика қажеттіліктеріне сәйкес болу;
- қоғамның жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін мүшелеріның материалдық қамтамасыздандыру деңгейіндегі алшақтықты азайту;
- халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының өмір сүру деңгейін теңестіреді.

Әлеуметтік сақтандыру процесі екі бюджеттен тыс қорды құрады:

1. Мемлекеттік зейнетакы қоры.
2. Мемлекеттік сақтандыру қоры.

Бұл корлар жұмыс берушілердің жалакы қорына 11% мөлшерінде төлейтін әлеуметтік салық есебінен құрылады. Бөлу құрылымы төмендегідей (21 сурет)



21-сурет. Әлеуметтік сақтандыру корлары арасында әлеуметтік салықты бөлу.
Ескерту: автормен құрастырылған.

Жұмыс істейтін азаматтар мен азаматтардың басқалай категорияларының материалдық немесе әлеуметтік жағдайын өзгертуге әкелетін жағдай (сақтандыру тәуекелі) сипатына байланысты сақтандыру төлемдерінің себептері келесі түрлерге бөлінеді:

- медициналық көмекті алу қажеттілігі;

- уақытша еңбекке жарамсыздық;
- еңбек жаракатын алу және кәсіби ауру;
- ана болу;
- мүгедектік;
- кәріліктің түсуі;
- асыраушысынан айырылу;
- жұмыссыз деп танылу;
- сақтандырылған тұлғаның немесе оның асыраудағы жанұяның еңбек етуге қабілетсіз мүшелерінің өлімі.

Әлеуметтік сақтандыру тәуекелінің әрбір түріне сақтандыру қамтамасыздығының белгілі түрі сәйкес келеді, яғни сақтандырушының сақтандырушылы алдындағы өз міндеттемелерін сақтандыру оқиғасы түскен кезде сақтандыру төлемі арқылы орындауды.

Сақтандыру мен қамтамасыздандыру түрлеріне келесілер жатады:

- Денсаулық сактау мекемелеріне сақтандырылған тұлғага керекті медициналық көмекті берумен байланысты шығындарды төлеу;
- қартауы бойынша зейнетақы;
- мүгедектік бойынша зейнетақы;
- асыраушысын жоғалту жағдайы бойынша зейнетақы;
- уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақы;
- еңбек жаракаты мен кәсіптік жаракатқа байланысты жәрдемақы;
- жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақы;
- бала тууы бойынша бір реттік жәрдемақы;
- 1,5 жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақы;
- жұмыссыздық бойынша жәрдемақы;
- санаторлы-курорттық емдеу жәрдемақысы;
- жерлеуге әлеуметтік жәрдемақы.

ҚР 2005 жылының 1 қантарынан бастап әлеуметтік қоргаудың бір нысаны ретінде азаматтарды міндетті әлеуметтік сақтандырудың құқықтық негізін белгілейтін «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» заң күшіне енді.

Мұліктік сақтандыру әртүрлі түрлерде жүргізіледі:

Ауылшаруашылық сақтандыру:

- ауыл шаруашылығы дақылдарын (өнімділік және егіс);
- малдарды;
- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басқалай мүлкін.

2.Көлікті сақтандыру:

- жүктөрді, жолаушыларды сақтандыру;
- кемелерді, оның ішінде авиациялық.

3.Занды тұлғалардың мүлкін сақтандыру:

- мұлікті сақтандыру;
- азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
- кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру.

4.Жеке тұлғалардың мүлкін сақтандыру:

- малдарды;
- үй мүлкін.

Мұліктік сақтандыру объект ретінде материалдық құндылыктарды пайдаланылады. Мұліктік сақтандыруды тәменгі салаларға бөлуге болады: мешік нысаны бойынша (мемлекеттік және жеке) бойынша занды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің, сонымен қатар ұйымдастыру құқықтың нысаны (АҚ ЖШС) бойынша занды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлкін, сонымен қатар жеке тұлғалардың мүлкін сақтандыру. Құрылышты, малдарды, көлік құралдарын және т.б. сақтандыру мұлікті сақтандыру түрлеріне жатады.

Сақтандыру қатынастары объектісі ретінде мұліктік сақтандыру әртүрлі жылжитын және жылжымайтын мұлікті пайдаланады. Оның экономикалық тағайындалуы сақтандыру оқиғасы түскен кезде пайда болатын шығынның орнын толтыруды, иеленудегі, иелікте пайдаланудағы мүлік сақтандырылуы мүмкін.

Сақтандыру объект ретінде кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру сақтандырулышының шикізаттың, энергияның болмауынан жабдықтардың тоқтауында, дәрменсіз мәлімелерден, жаңа техника мен технологияны енгізуудегі жоғалтууды қарастырады. Бұл жерде екі сала тармағы бар: тікелей шығындар тәуекелін сақтандыру (жабдықтардың тұрып қалуынан) және кірістерді жанама жоғалтууды сақтандыру (саудадағы үзілістерден, жіберіп алынған пайданы сақтандыру).

Экономикалық тәуекелдердің келесі түрлерін ерекшелейді:

- коммерциялық тәуекелдер – инвестицияланған ақшалай немесе материалдық ресурстардың қайтарылмау, негізгі қызметті ұзуге байланысты жабдықтау және өнімді өткізу бойынша келісім міндеттемелерін орындаудан пайдалынғанда алмау тәуекелдері;
- техникалық тәуекелдер – құрылым-монтаж жұмысшыларының тәуекелі, пайдалану тәуекелдері, жаңа техника мен жаңа технологияларды ендіру тәуекелі;
- қаржы несие тәуекелі - импорттаушының банкрот болуы, жаңа нарыққа ену, қарыз алушының төлемге қабілетсіз жағдайында несиені төлемеу, валюталық бағам өзгерісі тәуекелі және т.б.

Көлік құралдарын сақтандыру көлік құралын иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне, соның ішінде айдалап әкетудә немесе ұрлауды қоса алғанда, сондай-ақ оның закымдануы немесе жойылуы салдарынан келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтық төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы.

Занды және жеке тұлғалардың (ауыл шаруашылығы мен көліктен басқа) мүлкін сақтандыру белгіленген тариф бойынша ерікті түрде жүргізіледі. Сақтандыру фирмаларының тарифтері сақтандыру тәуекелінің төлемі бойынша сараланады. Шығынның орнын толтыру бойынша төлемдер сақтандыру оқиғасының кездейсоқтығына дәлелдер жеткілікті болғанда объектінің 100%-нан төмен құнына жасалынады. Сақтандыру компаниясы сақтандыру оқиғасына кінәлілерге регрессивті талап қоюға құбылышы. Сақтандырудың қайталама келісім шарттарында сақтандыру тарифтеріне женілдіктер болуы мүмкін.

Жаупкершілікті сақтандыру өніммен жабдықтау, кредиторларға қарызыды өтеу, үшінші тұлғамен кездейсоқ келтірілген шығынның орнын толтыру бойынша жүзеге асырылады, мысалы, жабдықтаушы мен тұтынушы арасындағы келісім шарт шарттарын бұзуда немесе автоапатта жәбірленушігे шығындарды шығын әкелгеннің сақтандыру компаниясы төлейді. Осылайша бұл жерде

екі сала тармағы болады: несие бойынша қарызыды сақтандыру және шығынның орнын толтыру оқиғасына сақтандыру жаупкершілік пен тәуекелді сақтандыруды сақтандырушы сақтандырылуышыны өз әрекетімен немесе әрекетсіздігімен шығын әкелген үшінші тұлға алдындағы мүліктік жаупкершілігінен сақтандырады. Сақтандыру оқиғасы болып сақтандырушыдан жәбірленушінің пайдасына шығындарды өндіріп алу туралы сот шешімі табылады.

Жаупкершілікті сақтандырудың келесі типтерін ерекшелеге болады:

- жеке тұлғалардың азаматтық жаупкершілігін жалпы заңдар негізінде сақтандыру, мысалы автокөлік иелерін;
- заңды тұлғалардың экологиялық ластанумен, радиокативті жұқтыру тәуекелімен, құбыр өткізу көлігін пайдалануда жағылыс тәуекелімен байланысты азаматтық жаупкершілігін сақтандыру;
- жұмысшылардың - дәрігерлердің, медбикелердің, соттық-құқықтық жүйе жұмысшыларның полицейлердің - кәсіби жаупкершілігін сақтандыру;
- келісім шарттар, несиені төлемеу, өніммен жабдықтамау бойынша және т.б. жаупкершілікті сақтандыру;
- көлік құралдары иелерін;
- тасымалдаушыларды;
- келісім шарттар бойынша;
- залал келтіргенде.

Жаупкершілікті сақтандырудың жалпы белгілерін ерекшеледі:

- сақтандыру келісім шартын жасағанда сақтандырылуышы мен сақтандырушы белгілі, алушы белгісіз;
- болашақ шығын мөлшері белгісіз;
- сақтандыру тарифтері сақтандыру бірлігіне натуралды көрсеткіште сипатталады;
- келісім шарт сақтандырылуышының мүддесін де және жәбірленушінің мүддесін де корғайды;
- жаупкершілікті сақтандыру сақтандырылуышының жаупкершілігін төмендетеді;

- сактандыру компанияларында күшті заң қызметінің болуы сот шешімі мен сактандыру оқиғасының дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Жаупкершілікті сактандыру міндетті болуы да мүмкін. Мысалы, Ресейде обьектін пайдалануға бергеннен кейін 5 жылдық кезеңге тарайтын құрылышылардың, іздестірушілердің, жобалаушылардың, құрылыс салушылардың жаупкершіліктерін міндетті сактандыру енгізілген. Бұл Ресейдің Азаматтық кодексінде корсетілген. Америка құрама штаттарының, Швейцарияның, Австрияның сактандыру рыногында құрылыс өндірісіне қатысушылардың жаупкершілігін сактандыру құрылыштың жеке обьектін сактандыру шеңберінде емес, жалпы азаматтық-құқықтық жаупкершілік шеңберінде жүзеге асырылады. Франция, Швеция, Филияндия, Испания, Италия, Австрия, Гүнис, Канадада Азаматтық кодекспен бас мердігерлердің құрылыс біткеннен кейін 10 жыл ішінде азаматтық-құқықтық жаупкершілігін міндетті сактандыру белгіленеді. Азаматтық-құқықтық жаупкершілікі міндетті сактандыру шығыс Еуропада тек Чех Республикасында, ал кеңестік кеңестікте тек Украина мен Қазақстанда енгізілген.

Қазақстанда өсімдік шаруашылығын міндетті сактандыру жүзеге асырылады. 2007 жылы сактандырылған алаң-11,8 млн.га, сактандыру төлемдері - 30,9 млн. теңгені құрады. Өзара сактандыру қоғамымен сактандырылған егіс алаңының 13% қамтылған.

2008 жылы қант қызылшасының 1га егісіне субсидиялар шығындар нормативінен 2,4 есеге артық болды; макта бойынша нормативтен 52,2%, жүгері бойынша 15,9%, майлы дақылдар 77% құрады. Ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілер сактандыру компанияларына мемлекет субсидиялары есебінен сактандыру сыйақыларын төлейді, ал өнімділікті ала алмағанда мемлекет сактандыру компанияларына шығындардың 50% орнын толтырады. Шығындар нормативі әрбір ауылшаруашылық құрылымының ерекшелігін сипаттайтын. Сактандыру рыногына қатысушылардың өзара әрекеттің және қолайлы жылдары төлемдерден жарналар сомасы жинақталатын және оларды өнімсіз жылдары шығындарды өтеуге бағыттайтын, сактандыру төлемдерін есептеудің жаңа әдістемесі керек.

Орнын толтыру көлемі бойынша сактандыру түрлерінің ішінде әлеуметтік сактандырудан кейін екінші орынды жеке сактандыру алады. Жеке сактандыру келесі сала тармақтарына ие:

1. Өмірді сактандыру:
 - өмірдің ақыргы мерзіміне дейін қамсыздандыру;
 - қайтыс болуы жағдайына сактандыру;
 - қайтыс болуы мен денсаулығын жоғалтуды сактандыру;
 - аралас сактандыру;
 - балалар кәмелетке жеткенге дейін сактандыру;
 - некеге тұрганға дейін сактандыру.
2. Жазатайым оқиғадан сактандыру:
 - жұмысшылардың жекелеген категорияларын жазатайым оқиғалардан жеке сактандыру сактандырылуышының қаражаты есебінен ерікті түрде үлкен сомага жасалуы мүмкін;
 - қызыметкерлер ұжымын сактандыру кәсіпорын қаражаттары есебінен жүзеге асырылады, ерікті болып табылады;
 - көлік жолаушыларын, салық инспекциялары, кеден, әскери қызыметкерлерді міндетті сактандыру;
 - балаларды сактандыру оқиғасы түспесе соманы қайтарусыз сактандыру.

Жеке сактандыру көп жағдайларда ерікті болады және жинақтаушы сипатта болады. Ол келісім шартпен рәсімделеді, әрекет ету мерзімі бар және сактандыру жарнасын төлеуде жүзеге асырылады.

Өмірді сактандыру жеке сактандыру түрінің жинитығын сипаттайтын, сактандырылуышының өлімі жағдайында, оның сактандыру мерзімі сакталғанға дейін өмір сүруін немесе келісім шартқа сәйкес белгілі жасқа келгенде сактандыру төлемін жүзеге асыруды қарастырады.

Аннуитеттік сактандыру сактандырылуышының белгілі жасқа жеткен кезінде, жасы бойынша еңбекке жарамдылығын жоғалту, мүгедектік немесе ауру, асыраушысының қайтыс болуы, сактандырылуышының жеке кірісінің төмендеуі немесе жоғалуына әкелетін жұмыссыздыққа кезендік төлемдерді жүзеге асыруды қарастыратын жеке сактандыру түрлерінің жынтығын көрсетеді.

Жазатайым оқиғалар мен аурудан сактандыру сактандырылышының денсаулығына зиян келтірілген жағдайда қосымша шығыстарды бөлшекті немесе толық өтеу мөлшерінде сактандыру төлемдерін жүзеге асыруды қарастыратын жеке сактандыру түрлерінің жиынтығы көрсетеді.

Жеке сактандыру жұмыс күшінің үдайы өндірісімен байланысты және бұл жерде сактандыру объектілері болып адамның құны жоқ өмірі, денсаулығы мен еңбекке қабілеттілігі табылады. Бұл жерде жәбіrlenушілер мен олардың жанұяларына денсаулығын жоғалту немесе жанұя мүшелерінің өлімі себебі бойынша ақшалай көмек көрсетіледі. Сактандыру тәуекелі болып сактандыру мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі табылады. Бұл өмірдің ақырғы мерзіміне дейін сактандыру оқиғасы болып табылады және әсіресе, қарт адамдардың тәуекелімен байланысты.

Медициналық сактандыру сактандырылышының, оның сактандыру бағдарламасына енгізілген мемлекеттік қызмет үшін медициналық мекемеге жүгінуінен пайда болған шығыстарын бөлшекті немесе толық өтеу мөлшерінде сактандыру төлемдерін жүзеге асыруды қарастыратын жеке сактандыру түрлерінің жиынтығын көрсетеді. Медициналық сактандыру келесілерді қамтиды:

- міндетті медициналық сактандыру;
- ерікті медициналық сактандыру;
- шетелге шығатын азаматтарды медициналық сактандыру;

Медициналық сактандыру бұл халықты себептерге байланыссыз денсаулығын жоғалту жағдайында әлеуметтік қорғау нысаны. Медициналық сактандыру азаматтардың денсаулығын қалпына келтіру және аурудың алдын ала ескерту, яғни олардың алдын алumenен байланысты шығыстарын өтеу үшін арналған. Сондықтан сактандыру объектісі болып медициналық көмек көрсету шығыстар табылады. Олар келесі бағыттарда жүргізуі мүмкін:

- маман дәрігерлерді шақыру мен процедураларды амбулаториялық жағдайда қабылдау;
- дәрі-дәрмектерді алumen;
- стационарлы медициналық мекемелерде емделумен;

- стаматологиялық көмек пен тіс протездерін алumen;
- алдын-алу шарапарын жүргізумен.

Сактандырудың бұл нысаны батыс елдерінде көп тараған. Олардың бірқатарында медициналық көмекті тегін көрсету, халықтың ауқатсыз жіктері шенберімен шектелген, есесіне міндетті және ерікті түрдегі ақылы сактандыру кеңінен тараған. Бір жағынан жұмыс берушілер сактандыру жарнасын міндетті түрде аударады. Ол мемлекеттік медициналық сактандыру қорларын қалыптастыру үшін пайдаланылады. Қордың бір белгі жұмысшылардың жалакыларынан қалыптасады.

Осы қордан жұмысшыларды ауруына байланысты, денсаулығынан айырылуымен байланысты еңбекке қабілетсіз уақытында емдеу шығындарының ең тәменгі қажетті деңгейінің орны толтырылады. Ерікті сактандыру бойынша медициналық көмектің жогары деңгейі қамтамасыз етіледі. Медициналық сактандырудың келісім шарты жасалғанда сактандырылған азаматтарға ұсынылатын медициналық қызмет тізімі келіследі.

КР денсаулық сактау деңгейін көтеру үшін салаға бюджеттік қаржыландыру қөлемін ұлғайтудан басқа, еткен жылдардың қайғылы тәжірибесіне қарамастан міндетті және еріктілік принциптері негізінде медициналық сактандыру қорларын құру өзекті болып табылады. Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қорының құрамында денсаулық сактауды қосымша қаржыландырудың автономды нысаналы қорын қалыптастыру үлесі қарастырылады. Осы нысаналы кор қаражаттарын жарақат алуды қысқартуға, сырқаттануды қысқартуға, емдеу тиімділігін өсіру бойынша ғылыми зерттеулерге, жана медициналық жабдықтарды, жана емдік құралдарды әзірлеуде, емдеу мекемелерінің жаңа типті құрылышына жұмсауға пайдалануға болады.

Медициналық сактандыру екі түрде жүзеге асырылады:

- міндетті мемлекеттік медициналық сактандыру;
- ерікті медициналық сактандыру.

Міндетті медициналық сактандыру үшін сактандырушылардың сактандыру төлемдерін белгіленген нысан мен белгіленген мерзімде және сактандыру қамтамасыздығының сактандырылған деңгейі үшін бірдей төлеу тән. Жарналарды төлеу шығыстарды

өнім құнынан енгізе отырып, жұмыс берушіге, бөлшекті түрде жұмысшыға да жүктелуі мүмкін. Жұмыс берушілер жұмыс істейтін азаматтардың шығыстарын төлейді, ал мемлекет белгілі деңгейдегі бюджеттен еңбекке жарамсыздар мен бюджеттік ұйымдарда жұмыс істейтіндерге төлейді.

Міндетті медициналық сактандыруды жүргізуге сактандыру төлемі бар, осы қызметтерге құқығы бар, елдің әрбір азаматына кепілдендірілген, халықка медициналық және дәрі-дәрмекпен көмек көрсету көлемі бойынша жасалып негіз болып табылады.

Міндетті медициналық сактандыру мемлекеттік әлеуметтік сактандырудың құрамдас бөлігі болып табылады және елдің барлық азаматтарына міндетті медициналық сактандыру қаражаттары есебінен ұсынылатын медициналық көмекті алудың тендей мүмкіндіктерімен қамтамасыз етеді.

Ерікті медициналық сактандыру мемлекеттік бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады және азаматтарға міндетті деңсаулық сактандыру бойынша қызметтерден тыс қосымша медициналық көмек алуды қамтамасыз етеді. Ол ұжымдық және жеке болуы мүмкін.

Медициналық сактандыру объектілері:

- азаматтар;
- лицензиясы бар медициналық сактандыру ұйымдары;
- медициналық қызмет көрсететін медициналық мекемелер.

Міндетті медициналық сактандыруда келесілер сактандырушылар болады:

- жұмыс істемейтін азаматтар үшін атқаруышы органдар;
- жұмыс істейтіндер үшін кәсіпорындар; занды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысадын тұлғалар.

Медициналық сактандыру объектісі болып сактандыру оқиғасы пайда болған кезде медициналық көмек көрсету шығындарымен байланысты сактандыру тәуекелі табылады.

Медициналық сактандыру, сактандыру объектілерді арасында жасалынатын келісім шарт нысанында жүзеге асырылады, ол сактандырылуши мен медициналық сактандыру ұйымы арасындағы келісім, осыған сәйкес сактандырылушиға белгілі

көлем мен сападағы медициналық көмекті беруді ұйымдастыру мен қаржыландыруға міндеттеледі. Сақтандырылған тұлға сактандыру полисін алады.

Егер де болуы мүмкін сактандыру оқиғасы қоғамдық мұддеге қатысты болса міндетті сактандыру енгізіледі. Жұмысшыларды әлеуметтік сактандыру, құрылышты, малды, әскери қызметкерлерді, жолаушыларды, салық инспекциясы жұмысшыларын, авиажелінің ұшу құрамын, кеншілерді, салық қызметі қызметкерлері мен кеденшілерді, СПИД-ті жүктіру жағдайына медицина қызметкерлерін, өрт сөндірушілерді, сынақтан өткізушилерді, тау құтқарушыларын сактандыру, несиені өтемеуден қарыз алушыларды сактандыру міндетті және т.б. Ол занды актілердің талаптары бойынша және ерікті түрде сактандырудың осы түрін жүргізуге лицензиясы бар сактандырушы мен келісім шарт негізінде жүзеге асырылады.

Сактандырудың міндетті нысаны келесі принциптерді пайдаланады:

- заңмен белгілеу, осыған сәйкес сактандырушы белгілі объектілерді сактандыруға, ал сактандырылуши сактандыру төлемдерін салуға міндетті. Бұл үшін міндетті сактандыруға жататын объектілер тізімі, сактандыру жауапкершілігінің көлемі, сактандыру қаматамсыздығының нормативі, нормативтік ставкаларды белгілеу тәртібі немесе осы ставкалардың жерлерде түзету құқығы бар орташа мөлшерлері, сактандыру төлемдерін енгізу кезеңділігі, сактандырушылар мен сактандырышылардың негізгі құқықтары белгіленеді;
- занда көрсетілген субъектілерді міндетті сактандырумен жаппай қамту. Бұл үшін сактандырылған объектілерді тіркеу, сактандыру төлемдерін есептеу мен оларды белгіленген мерзімде алу жүргізіледі;
- занда көрсетілген объектілерге сактандыруды автоматты түрде тарату. Сонымен қатар сактандырылуши ондағы мүліктің көлемінің көбеюі немесе азаюы туралы арыз жазуы керек емес. Ол келесі тіркеуде сактандыру сферасына автоматты түрде енгізіледі және сактандыру журналары өзгертиледі;

- сактандыру төлемдерін салудан тәуелсіздігі, сактандыру төлемдерінің кешігүйінің орын алуды, ал сактандыру оқиғасы түссе, онда сактандыру өтемі қарызыды алғып тастан төленетіндігін білдіреді. Сактандыру оқиғасы болмағанда және сактандыру жарнасы төленбенгенде олар сот тәртібінен өсімпұл есептеумен өндіріліп алынады;
- мерзімсіздік сактандырылуши сактандырылған мұлікті пайдаланған барлық кезеңде жарамды екендігін білдіреді. Егер де меншік иесі ауысса, сактандыру тоқтатылмайды. Ол тек қана осы мүлік жойылғанда ғана тоқтатылады;
- сактандыру камтамасыздығы сактандыруды бағалау мен сактандыру өтемін төлеу тәртібін жеңілдету максатында жүргізіледі. Нормативтер сактандыру бағасынан пайызда немесе бір объектіге тенгеде белгіленеді.

Сактандырудың ерікті нысаны келесі принциптерге негізделеді:

- заң күшімен және ерікті бастамада әрекет етеді. Заң ерікті сактандыру объектілері мен сактандыру шартын белгілейді;
- сактандыруға ерікті қатысу тек қана сактандырылушиларга тарайды. Сактандырушының объектіні сактандырудан бас тартуға құқығы жок;
- ерікті сактандырумен іріктемелі қамту, яғни сактандырудың осы түріне қатысушылар болып қалауы барлар ғана табылады;
- келісім шартта көрсетілген, бастапқы және түпкілікті күні бар, сактандырудың белгілі мерзімі. Келісім шартты мерзімін жаңа мерзімге ұзартуға болады;
- тек қана бір реттік немесе кезеңдік сактандыру төлемдерін төлеу кезінде ғана әрекет етеді. Кезекті жарнаны төлемеу келісім шарт әрекетін тоқтатуға әкеледі;
- сактандырумен қаматасыздандыру көлемі сактандырылушиның қалауына немесе тарағардың келісіміне тәуелді болады.

Ерікті сактандыру сактандырылушиның қалауы бойынша сактандырушымен келісім (келісім шарт) негізінде жүзеге асыры-

лады. Сактандыру обьектісі болып тұлға мұддесі табылады. Оның әрекет мерзімі бар, тек қана сактандыру төлемдері кезінде ғана жүзеге асырылады, мұлікті және жеке болуы мүмкін.

Сактандырудың көрсетілген нысаны жалпы белгілер мен ерекшеліктерге ие.

13, 14 кестелерде әлеуметтік мұліктік және жеке сактандырудың, міндетті және ерікті сактандырудың салыстырмалы мінездемесі келтірілген.

13-кесте. Сактандыру түрлерінің салыстырмалы сипаттамасы.

Үқастық және айырмашылық көрсеткіштері	Сактандыру түрлері		
	әлеуметтік	мұліктік	жеке
1	2	3	4
Қоғамдық өндіріс тарапы	Жұмыс істейтін азаматтар	Субъект ресурстарының сакталуы	Жұмыс күшінің үдайы өндірісі
Сактандырылған коргауының объектілері	Азаматтардың енбекке қабілеттілігі	Субъекттің мүлкі	Өмір, денсаулық, белгілі мерзімге дейін өмір сүру және басқалай жеке мұдделер
Шығынның орнын толтыру	Жүргізілмейді	Жүргізіледі	Жүргізілмейді
Сактандыру резервтерін бөлу	Жүзеге асыралды	Жүзеге асырылады	Жүзеге асырылады
Халық қажеттілігінің қанагаттандырылу денгейі	Ең төменгі денгейде	Оқиғаның кездейсектігін дәлелдегендеге мүлік күнинан пайызыда	Тұлғаның мүмкіншіліктеріне тәуелді болады
Нысан	Міндетті	Жекелеген міндеттесме	Ерікті
Қаржы ресурстарының қатысуы	Кәсіпорының қаржы ресурстары	Кәсіпорының қаржы ресурстары мен жеке тұлғалардың жеке кірістері	Жеке кірістер
Сактандырушылардың типі	Мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетакы қорлары	Жеке сактандыру компаниялары	Жеке сактандыру компаниялары
Жинақтаушы функцияның болуы	Болмайды	Болмайды	Болады

Ескерту: автормен құрастырылған

Мұліктік сақтандыруда материалдық шығынның орнын толтыру жүреді, ол жеке де болмайды.

Әлеуметтік және жеке сақтандыру халықтың кірістерін сақтандырып қорғауға арналғандықтан туысты. Бірақ әлеуметтік сақтандыру халықтың қажеттілігінің ең төменгі деңгейін қанағаттандырады, ал жеке сақтандыру сақтандырылуышының мүмкіндіктерімен анықталады және әлеуметтік сақтандыру төлемдері қолемінен тәуелді емес.

Әлеуметтік және жеке сақтандырудың ерекшелігі келесіде: әлеуметтік сақтандыру міндетті нысанда болады және жұмыс беруші қаражаттары есебінен жүзеге асырылады, ал жеке сақтандыру ерікті түрде жүргізіледі және жеке ақшалай кірістерді қайта бөлумен байланысты.

Егер де әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік органдармен және жеке жинақтаушы зейнетакы қорларымен жүргізілсе, ал мұліктік (міндеттіден басқа) жеке сақтандыру компанияларымен жүргізіледі.

Сақтандырудың жинақтаушы нысаны сақтандырушыларды салымшыларға жақыннатады, тек қана олар сақтандыру төлемдерін үлкен қолемдегі бір реттік салымы нысанында емес, халықты аз қамтамасыз етілген жігіне қолайлы кішігірім жарнасы нысанында салады. Сондықтан жинақтаушы сақтандыру мен жинақ ақша ісі бірін- бірі толықтырылады.

14-кестеде міндетті және ерікті сақтандыруды ерекшелейтін мінездемелер көрсетілген.

14-кесте. Міндетті және ерікті сақтандыруды ерекшелейтін сипаттамалар

Көрсеткіш	Міндетті сақтандыру	Ерікті сақтандыру
Занын болуы	Бар	Бар
Қамтуы	Жаппай қамту	Тұлғаның қалауды бойынша
Автоматты таралу	Сақтандыру базасын кепнейтуге арыз жазудың қажеті жоқ	Сақтандыру базасын кепнейтуге арыз жазу қажет
Сақтандыру төлемдері кешіктірілген кезде	Шығындарды өтеу төленеді	Шығындарды өтеу төленбейді
Әрекет мерзімі	Мерзімсіз	Әрекет мерзіміне ие
Сақтандыру қамтамасыздығы	Нормаланады	Нормаланбайды
Ескерту: автормен құрастырылған		

Ерікті және міндетті сақтандыру әртүрлі принциптерге негізделеді.

Қоғамдық өндірісті сақтандыру арқылы қорғаудың толық көлемі ерікті және міндетті сақтандырудың онтайлы үйлесімділігін қалыптастырады. Сонымен катар қоғамдық өндіріс пен халықтың сақтандыру мен қорғаудың әмбебап жүйесін қалыптастырады.



Бақылау сұрақтары:

3. Сақтандырудың мәні мен оның механизмін ашыңыз.
4. Сақтандыру функцияларын атаңыз және оларға мінездеме беріңіз.
5. Сақтандыру қатынастарының белгілерін атаңыздар.
6. Сақтандырудың қандай жіктеме топтарын білесіздер?
7. Міндетті әлеуметтік сақтандыруға мінездеме беріңіздер.
8. Әлеуметтік қамтамасыздық принциптерін атаңыздар.
9. Қандай мемлекеттік ақшалай қорлар әлеуметтік сақтандыру функциясын атқарады?
10. Медициналық сақтандырудың ерекшеліктерін атаңыздар және оларды қамтамасыз ету көздері қандай?
11. Мұліктік сақтандыру түрлерін атаңыздар.
12. Жеке сақтандырудың қандай типтері, түрлері мен белгілері бар.